«Астрахан ауданының
білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі

ХАТТАМА
11 қараша 2026 жылы
с.Астраханка

Государственное учреждение
«Отдел образования
Астраханского района»

ПРОТОКОЛ
№ __1___

Әдістемелік
кеңестің отырысы

Күн тәртібі

1. **І тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы. «Алтын белгі» және үздік аттестат алуға үміткер білім алушылармен жұмыс.**

2. **Мектепке дейінгі ұйымды лицензиялау кезінде біліктілік талаптарының сәйкестігін растау барысында нормативтік-құқықтық актілерді қолдану тәжірибесі.**

3. **Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі**

4. **«2–4-сыныптарда аралық бағалау: ұйымдастыру әдістемесі, тапсырмаларды әзірлеу және бағалаудың объективтілігі».**

5. **«Пилоттық жобаны іске асыру аясында педагог қызметкерлерді аттестаттауды ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеу».**

Күн тәртібі бойынша 1 сұрақ.
ТЫҢДАДЫ:
Абишева Райхан Султанбековна, методист отдела образования
Ақпарат қоса берілді
Күн тәртібі бойынша 1 сұрақты тыңдап, әдістемелік кеңесі келесі тапсырмалар мен ұсынымдар шығаруға шешім қабылдады
1. Баяндаушының ақпараты назарға алынсын.
2. Мектеп директорларының орынбасарларына:
- Он жұмыс күні ішінде бірінші тоқсанның қорытындыларын талдау. Оқушыларға көмек қажет пәндерді, сыныптар мен тақырыптарды анықтау;
- Мұғалімдермен бірлесіп, анықталған оқу қиындықтарын жою бойынша жұмыс ұйымдастыру. Бір ғана «3» және бір ғана «4» бағасы бар оқушыларға ерекше назар

аудару. Екінші тоқсан аяқталғанға дейін атқарылған жұмыстың нәтижелерін бағалау;
- Екінші тоқсан бойы «Алтын белгі» және үздік аттестат алуға үміткер оқушылардың оқу үлгерімін бақылау. Қиындықтар туындаған жағдайда уақтылы көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- Екінші тоқсан аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде білім сапасын арттыру және үміткерлерді даярлау бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелерін қарастырып, алдағы шараларды айқындау;
Әдіскерге:
- Қолда бар жиынтық деректер негізінде әдістемелік кеңестің келесі отырысына білім сапасы және «Алтын белгі» мен үздік аттестат алуға үміткерлер туралы қорытынды ақпарат дайындау.

Күн тәртібі бойынша 2 сұрақ.
ТЫҢДАДЫ:
Муканова Гульмира Смагуловна, заведующая детского сада «Алпамыс»
Ақпарат қоса берілді
Күн тәртібі бойынша 2 сұрақты тыңдап, әдістемелік кеңесі келесі тапсырмалар мен ұсынымдар шығаруға шешім қабылдады
1. Баяндаушының ақпараты назарға алынсын.
2. Мектеп директорларының орынбасарларына, балабақша әдіскерлеріне:
- Лицензиялауға дайындық барысында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің өзекті редакцияларын басшылыққа алып, ұйымның біліктілік талаптарына сәйкестігіне өзіндік талдау жүргізу. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша жауапты тұлғалар мен орындалу мерзімдері көрсетілген іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- Оқу жұмыс жоспарларының, перспективалық жоспарлардың, тәрбиелеу-білім беру процесі циклограммаларының және баланың жеке даму карталарының мазмұнын қарап, олардың үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламасына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Педагогтердің білімі, біліктілігі және атқаратын лауазымы туралы құжаттарды тексеріп, кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтерді нақтылау. Педагогтер мен басшылардың біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтап, тиісті оқытуды жоспарлау;
- Оқу-әдістемелік кешендерге, балалар әдебиетіне, ойын және дидактикалық материалдарға түгендеу жүргізу. Жетіспейтін ресурстарды толықтыру шараларын қарастыру;
- Медициналық қызмет көрсету мен тамақтандыруды ұйымдастыру жағдайларын зерделеп, растайтын құжаттардың толықтығы мен өзектілігін тексеру. Ұйымның ерекшелігіне қарай қолданылатын талаптарды нақтылау;
- Ғимарат пен үй-жайларды пайдалану құқығын растайтын құжаттарды, санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігіне қатысты құжаттарды

ретке келтіру. Балалардың қауіпсіздігіне әсер ететін кемшіліктерді жоюға басымдық беру;
- Жиһаздар мен жабдықтардың жеткіліктілігін, жарамдылығын және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін тексеріп, материалдық-техникалық базаны толықтыру қажеттілігін анықтау;
- Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін қолжетімді орта мен қажетті жағдайлар жасау, психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- Ұлттық білім беру деректер қорындағы мәліметтерді ұйымның нақты деректерімен салыстырып, уақтылы жаңартып отыру;
- Лицензиялауға ұсынылатын құжаттарды жүйелеп, мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын және өзара сәйкестігін тексеру. Лицензиялау мен мемлекеттік аттестаттау рәсімдеріне арналған құжаттарды олардың мақсаттарына сәйкес дайындау.

***Әдіскерге*:**

- Мектепке дейінгі ұйымдарға лицензиялауға дайындық бойынша әдістемелік көмек көрсету, ортақ қиындықтарды жинақтап, консультациялар ұйымдастыру;
- Жүргізілген өзіндік талдау мен анықталған кемшіліктерді жою жұмыстары туралы жинақталған ақпаратты әдістемелік кеңестің келесі отырысына дайындау.

Күн тәртібі бойынша 3 сұрақ.

ТЫҢДАДЫ

Садвокасова Карлыгаш Маратовна, методист отдела образования

Ақпарат қоса берілді

Күн тәртібі бойынша 3 сұрақты тыңдап, әдістемелік кеңесі келесі тапсырмалар мен ұсынымдар шығаруға шешім қабылдады

1. Баяндаушының ақпараты назарға алынсын.
2. Мектеп директорларының орынбасарларына, балабақша әдіскерлеріне:
- Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастыру;
- ППҚҚ құрамындағы мамандардың міндеттері мен жауапкершілігін нақты бөлу;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды уақтылы анықтап, қажетті қолдау шараларын ұйымдастыру;
- Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес қолдау жоспарын әзірлеу және оның орындалуын бақылау;
- Педагогтер, арнайы мамандар және ата-аналар арасындағы өзара байланысты күшейту;
- Мектепте қажетті мамандар болмаған жағдайда тиісті ұйымдармен, оның ішінде КППК №15-пен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;
- Психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізіп, білім алушылардың даму динамикасын бағалау;
- ППҚҚ жұмысының тиімділігіне талдау жүргізіп, анықталған кемшіліктер бойынша түзету шараларын қабылдау.

Күн тәртібі бойынша 4 сұрақ.
ТЫҢДАДЫ
Дюсембаева Махаббат Манатовна, заместитель директора по учебной работе общеобразовательной школы № 3 села Жалтыр
Ақпарат қоса берілді
Күн тәртібі бойынша 4 сұрақты тыңдап, әдістемелік кеңесі келесі тапсырмалар мен ұсынымдар шығаруға шешім қабылдады
1. Баяндаушының ақпараты назарға алынсын.
2. Мектеп директорларының орынбасарларына:
- 2-4-сыныптарда аралық бағалауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарына қатаң сәйкестікте ұйымдастыруды қамтамасыз ету, жаңартылған бағалау жүйесінің негізгі талаптарын бастауыш сынып педагогтерінің назарына жеткізу;
- Әдістемелік бірлестік отырыстары, семинарлар мен практикалық сабақтар арқылы педагогтерге формативті және аралық бағалау, тапсырмалар, бағалау критерийлері мен дескрипторлар әзірлеу мәселелері бойынша әдістемелік қолдау көрсету;
- Бағалау материалдарының сапасын бақылауды жүзеге асыру. Тапсырмалардың өтілген оқу мақсаттарына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, күрделілік деңгейіне және белгіленген ең жоғары балл санына сәйкестігіне ерекше назар аудару;
- Білім алушыларға шамадан тыс оқу жүктемесін түсіруге және бір күнге бірнеше көлемді тексеру жұмысын жоспарлауға жол бермей, аралық бағалау кестелерін жасауды үйлестіру;
- Электрондық журналдардың жүргізілуіне, формативті бағалау нәтижелерінің уақтылы қойылуына және аралық бағалау нәтижелерінің дұрыс енгізілуіне мониторинг жүргізуді ұйымдастыру:
- Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға жеке тәсілді қамтамасыз ету. Қажет болған жағдайда олардың жеке білім беру қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген тапсырмаларды, қосымша уақытты, көрнекі тіректерді және өзге де арнайы жағдайларды қарастыру.

Күн тәртібі бойынша 4 сұрақ.
ТЫҢДАДЫ
Садвокасова Карлыгаш Маратовна, методист отдела образования
Ақпарат қоса берілді
Күн тәртібі бойынша 3 сұрақты тыңдап, әдістемелік кеңесі келесі тапсырмалар мен ұсынымдар шығаруға шешім қабылдады
1. Баяндаушының ақпараты назарға алынсын.
2. Мектеп директорларының орынбасарларына, балабақша әдіскерлеріне:
- 2026 жылғы 5 маусымдағы № 159-НҚ бұйрығының талаптарын басшылыққа алу;
- Пилоттық жобаға қатысатын педагогтердің тізімін нақтылап, олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;

- «Ұстаз» платформасында педагогтердің кәсіби цифрлық бейіндерінің толық әрі дұрыс толтырылуын қамтамасыз ету;
- Бақылау парақтары мен кәсіби жетістіктерді растайтын құжаттардың талаптарға сәйкестігін бақылау;
- Педагогтердің өтініштерін 2026 жылғы 15 желтоқсанға дейін уақытылы беруін қамтамасыз ету;
- Аттестаттау талаптары бойынша педагогтерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жауапты тұлғалардың жұмысын тұрақты бақылауда ұстау ұсынылады.

Төрайымы **С.Амангелді**

Хатшы **А.Итемген**